

«Таңшолпан» бөбекжайы»
КМҚК №1 педагогикалық
Кеңесімен
«29» тамыз 2024ж



«Таңшолпан» бөбекжайы»
КМҚК
Директоры
С.В.Геренг
«02» Қыркүйек 2025ж.

«Таңшолпан» бөбекжайы»КМҚК бракеражды комиссия туралы ережелері.

1 Жалпы ережелері.

1.1. Білім беру ұйымын басқарудағы дара басшылық және алқалылық қағидаттарына сүйене отырып, сондай-ақ «Таңшолпан» бөбекжайы» КМҚК жарғысына және 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес, тамақтануды ұйымдастыру, өнім сапасы мен тамақ дайындау және таратылу кезіндегі санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау мақсатында ясли-бақшада бракераждық комиссия құрылып, жұмыс істейді.

1.2. Бракераждық комиссия бөбекжай әкімшілігімен, кәсіподақ комитетімен және ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

2 Бракеражды комиссия құру тәртібі және құрамы.

2.1. Бракеражды комиссия жалпы бөбекжай ұжымының жиналысымен құрылады.

2.2. Комиссияның құрамы және оның өкілеттіктерінің мерзімдері балабақша директорының бұйрығымен бекітіледі.

2.3. Бракеражды комиссия 5 адамнан құралады:

-КО төрағасы

-әдіскер

-Диетолог медбике

-ҚК төрағасы

-ата-аналар комитетінің төрағасы

2.4. Қажет болған жағдайда комиссия құрамына бөбекжайдың басқа қызметкерлері, шақырылған мамандар, сарапшылар, сондай-ақ білім бөлімі мамандары мен ата-аналар қауымдастығының өкілдері қосылуы мүмкін.

2.5. Бракераж комиссиясының қызметі осы Қағидалармен реттеледі, ол бөбекжай директоры тарапынан бекітіледі.

3. Комиссияның өкілеттіктері

3.1. Бөбекжайдын бракеражды комиссиясы:

- Тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу және түсіру кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды;
- Асхана жұмысын ұйымдастыруды бақылап, қызметкерлердің жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалайды;
- Күнделікті мәзірдің дұрыс құрылуын бақылайды;
- Дайын тамақтың берілу кезінде ара-тұра қатысады;
- Дайындалған тағамның органолептикалық қасиеттерін бағалайды: түсі, иісі, дәмі, консистенциясы, қаттылығы, шырындылығы және т.б.;
- Буфет-беру орнының санитарлық жағдайын тексереді;
- Ыдыстағы таңбалардың болуын қадағалайды;
- Тамақ өнімдерін сақтау шарттары мен сақтау мерзімдерінің сақталуын тексереді;
- Негізгі өнімдердің қойылуына ара-тұра қатысып, тағамның шығуын, дайын тағам көлемінің бір порцияға және балалар санына сәйкес келуін тексереді;
- Өз жұмысы туралы әртүрлі жиналыстарда есеп береді.

4. Бөбекжайды тамақтандыруды ұйымдастыруды бағалау.

4.1 Дайын тағамның шығу көлемі мен сапасының нәтижелері бракераж журналына жазылады. Егер қандай да бір бұзушылықтар немесе ескертулер анықталса, бракераж комиссиясы дайын тағамды беруін қажетті шаралар қабылданғанға дейін тоқтатуға құқылы.

4.2. Комиссия анықтаған балалар тамақтандыру ұйымдастырылуындағы ескертулер мен бұзушылықтар бракераж журналына енгізіледі.

4.3. Ясли-бақша әкімшілігі бракераж комиссиясының қызметіне қолдау көрсетіп, комиссия мүшелері анықтаған бұзушылықтар мен ескертулерді жоюға шаралар қабылдауға міндетті.

4.4. Тағамдық өнімдер мен азық-түлік шикізатын қабылдау нәтижелері қабылдау актісімен рәсімделеді.

4.5. Тамақтандыруды ұйымдастыру бақылауы актімен рәсімделеді.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бақылауы аптасына бір рет өткізіледі.

4.6. Ыстық тамақ беру және сынама алу күнделікті жүргізіледі.

5. Қорытынды ережелер.

5.1. Бракераж комиссиясының мүшелері өз еріктерімен қызмет атқарады.

5.2. Балабақша әкімшілігі бракераж комиссиясының жұмысын қолдап, оның мүшелері анықтаған бұзушылықтар мен ескертулерді жоюға шаралар қабылдауға міндетті.